

## ҮЛКЕН ҰСТАЗ, ҚАМҚОР БАСШЫ

М.НҮРПЕЙСОВА

э.з.к, доцент, шәкірті

Кенжеғали ағанымен 1973 жылдан бері білемін. Сол жылы Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтын бітіріп, жолдамамен Алматы халық шаруашылығы институтына келген едім.

Сол кездегі тәртіп бойынша, жұмысқа қабылдар алдында әр жаңа маманмен әдетте ректордың өзі әңгіме өткізді екен. Бірақ ректор демалыста болғандықтан, ректордың міндетін бірінші про-ректор Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев атқарып отырған-ды. Сол себепті мен жолдамамен Кенжеғали ағаның алдына барған болатынмын. Еңбек жолымды енді бастайын деп түрғандықтан, астанадагы үлкен оку орнының табалдырығын имене аттағаным өз алдына, Кенжеғали ағаның қабылдауына да қатты қобалжыған көніл-күйде кірген едім.

Мен кабинетке кіргенде сұнғак бойлы, катал кісіні көрдім. Бойымнан үрей кетер емес. Бірақ, ұзамай, қабылдау барысында толқығаным басылғандай болды. Өйткені ол кісі менің қызмет табалдырығын бірінші рет аттап отырғанымды ескерді ме, көбіне «қалқам» деп, жылы үнмен сөйлегені әлі есімде. Ол менің күжаттарыммен танысты, оқытушы жұмысының мән-жайын түсіндірді, сосын қызметіме табыс тіледі.

Бүгін ойлап қарасам, маған сонша ересек көрінген ағамен жас айырмашылығымыз он жас екен, бірақ сол кезде маған ол кісі өте ересек, тым байсалды және өте катал адам болып көрініп еді.

Сөйтіп, ағаның батасымен менің оқыпушылық қызметім басталып кетті. Содан бері отыз бес жыл өте шығыпты.

Кенжеғали аға басшыларының бірі болған осы үлкен ұжымда мен оқытушы, ғалым, азамат

ретінде қалыптастым. Осында сол кісінің жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғады. Докторантурасы да осы институт қабырғасында бітірді. Тағдырдың қалауымен, менің зерттеп жүрген тақырыбын профессор Сағадиевтың ғылыми ізденісінің бағытына сәйкес болып шықты. Ол менің кандидаттық жұмысыма ғылыми басшылық жасағанымен шектелмей, бертінде де, ғылыми зерттеулерімнің барысын үдайы сұрастырып, ақыл-кеңесін беріп тұрады.

Ол кісі біздің институтта қызмет істеп жүргенінде Мәскеудегі Г.В. Плеханов атындағы институтта докторлық диссертациясын қорғады. Сол кезден бастап Кенжеғали ағаның ғылыми және ұйымдастыруышылық жолы баршаға мәлім биікке шықты.

Ол Ақмола аграрлық университетіне ректор болып тағайындалды. Сонда істеп журіп, озінің ғылымға сінірген енбегіне сай, республика Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

Одан өзі үлкен жолын бастаған оку орны-на қайта оралды – Қазақ мемлекеттік басқару академиясының ректоры болды. Бұл қайта құру кезеңі еді, уақыт алға тартқан қындықтардан ұжымның қиналмай өтуіне бас-көз болды. Оқытушылардың еңбекақысын көтеру, оку орнының ғылыми-шығармашылық байланыстарын жан-жақты жолға қою, мамандарды, ғалымдарды шетел оку орындарына тәжірибе алмасу іс-сапарларына жіберу сынды көптеген шаруаларды жүзеге асырды.

Бізректорымызға сүйсіне қарайтынбыз, өйткені ол өзінің жеке кезқарасын ашып айтудан тайсалмайтын батыл, өте әділ басшы ретінде көрінетін.

Қызыметкерлеріне жана шырлық сезіммен қарап, әрқашан қолдау көрсетіп тұратын.

Тәуелсіздік кезінде Кенжегали аға Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының президенті болды, қазір парламент мәжілісінің депутаты. Көптеген қоғамдық, мемлекеттік шаруаларына қарамастан, ол өзінің аспиранттарымен, шәкірттерімен байланысын үзбейді.

Мен де өзімді Кенжегали ағаның бір шәкіртімін деп есептеймін. Шәкірті ретінде, үлкен ұстаз, кен ауқымды ғалым, қоғам және мемлекет қайраткерін, жаны жайсан азаматты айтулы мерейжасымен шын жүректен құттықтаймын. Алдағы уақытта да ғылымдағы ізбасарларын көптең тәрбиелей беруіне, халық қалаулысы лауазымында ел иғілігіне риясыз қызмет ете беруіне шын жүректен тілекестік білдіремін.